



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 11 сәуір

Қазақстан Ұлттық Банкі төлем жүйелерінің және төлем қызметтерінің маңызды жеткізушілерінің тізілімдерін жаңартты

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес төлем нарығын қадағалау (оверсайты) шеңберінде интернет-ресурста Төлем жүйелерінің тізілімін (<https://nationalbank.kz/?docid=3324&switch=kazakh>) және Төлем қызметтерінің маңызды жеткізушілерінің тізілімін (<https://nationalbank.kz/?docid=3436&switch=kazakh>) жаңартты.

Төлем жүйелерінің тізілімінде Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін 20 төлем жүйесі, оның ішінде операторлары Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болатын шетелдік жүйелер туралы ақпарат қамтылған. Төлем жүйелері тізілімде Заңда белгіленген өлшемшарттар бойынша және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 222 қаулысымен бекітілген маңызды төлем жүйелері өлшемшарттарының көрсеткіштеріне сәйкес түрлері бойынша бөлінген (жүйелік маңызды, маңызды және өзге төлем жүйелері).

Жүйелік маңызды төлем жүйесіне бұрынғыша Банкаралық ақша аударымдары жүйесі, маңызды төлем жүйелеріне Банкаралық клиринг жүйесі, Золотая Корона және Mastercard жатады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша VISA төлем жүйесі маңызды төлем жүйелерінің құрамынан өзге төлем жүйелері құрамына өтті. Қалған 16 жүйе өзге төлем жүйелеріне жатқызылды. Сондай-ақ 2018 жылғы 26 қыркүйекте жаңа төлем жүйесі – «Мир» төлем жүйесі қосылды.

Төлем карточкалары нарығында төлем қызметтерінің маңызды жеткізушілеріне «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, төлемдерді электрондық терминалдар және төлем карточкаларын пайдаланбай қашықтан кіру жүйесі арқылы «Kaspi Bank» АҚ, электрондық ақша нарығында «Kaspi Bank» АҚ, төлемдер мен ақша аударымдарын жүйелік маңызды төлем жүйесі (Банкаралық ақша аударымдары жүйесі) арқылы жүргізген кезде – «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ, банктер арасында ашылған корреспонденттік шоттар арқылы - «Ситибанк Қазақстан» АҚ жатады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz